

ӘОЖ 378

## ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

**Мусаева Ақниет Алтайқызы**

[Mussayeva1999@gmail.com](mailto:Mussayeva1999@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Механика-математика факультетінің  
7М05401-Математика мамандығының 1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Кошқарова Б.С.

Қазіргі заманда біздің өмірімізде ақпараттық және коммуникациялық технологиялар берік орнығып алды. ХХІ ғасырда компьютерде жұмыс жасау, ғаламтордан қажетті ақпаратты іздеу және шолу жасай білу өміріміздің кез келген салаларында негізгі басымдыққа ие болып отыр. Білім саласы мұнан тыс қалған жоқ және жылдан-жылға көптен-көп технологиялар білім саласына дендеп енуде.

Ақпараттық технологиялардың дамуы бізге жаңа «қашықтық педагогикасы» ұғымын берді. Егер педагогика ұғымы бұрыннан қалыптасқан болса, ал «қашықтық педагогикасы» ғылымда толыққанды жасалған жоқ. Кейбір еңбектерде бұл ұғымның келесі анықтамалары берілген. Қашықтық педагогикасы – бұл тұлғаның әлеуметіне, жеке жеке мәдени әрекеті мен қарым-қатынасының дамуы мен қалыптасуына ықпал ететін, өзіндік жұмыс пен өзіндік білім алуына үйрететін, ақпаратты-компьютерлік технологияларды қашықтық режимінде қолданатын ғылым. Және де пәндерді өз бетінше оқуға баса назар аудара отырып, сырттай және күндізгі оқытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін қамтиды. Бұл білім мен дағдыларды игерудің гуманистік формасы, ол педагогика, психология, дәстүрлі білім беру, жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар жетістіктерін қолдану негізінде кез-келген адамға өзін-өзі жетілдіруге, өзінің қабілеттілігі мен тәуелсіздігін білуге, жалпы, мәдени және кәсіби деңгейін арттыруға жағдай жасайды. оқу процесінің өзі уақытқа, орналасқан жеріне, ең бастысы белгілі бір оқу орнын таңдауға байланысты емес. Яғни, процестің негізгі белсенділігі мен оң компоненттерін оқытудың бағытын, формасы мен қарқынын таңдаудағы оқушылардың белсенділігі деп атауға болады; кәсіби мұғалімдермен, оқу туралы пікірлес адамдармен және танымдық іс-әрекеттегі жоғары деңгейдегі мамандармен тығыз қарым-қатынас жасау мүмкіндігі; адамзаттың кең мәдени және ғылыми жетістіктеріне қол жеткізу; оқытудың интерактивті, ойын, дамыту формалары, танымға үнемі ынталандыру және белсенділікті арттыру арқылы оқу іс-әрекетінің шығармашылық компонентін арттыру (қарым-қатынас процесінде мүмкін психологиялық кедергілерді алып тастау, оқу мазмұнына біртіндеп бейімделу және т.б.) [1].

Қашықтықтан оқытуды қолдануды мемлекет қолдап отырғанын айта кеткен жөн  
08.01.2021 жылы өзгеріс енгізілген, 2007 жылдың 27 шілдесінде № 319 қабылданған

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабына сай, білім жүйесінің мақсатының бірі, оқытудың жаңа технологияларын өзгеріп отыратын қоғам қажеттілігі мен еңбек нарығына кәсіби білімнің тез бейімделуін қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді қолдану болып табылады [2]. Мұнан тыс, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының жаңа оқылымында, төтенше жағдай шектеу шараларын, соның ішінде, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) карантин енгізу, төтенше жағдай жариялауда жергілікті атқару органдары білім саласындағы өкілетті органның және ұйымның анықтауы мен тәртіпте, барлық білім алушыларға қашықтықтан оқыту енгізіледі.

Инновациялық технологиялардың пайда болуы педагогикаға жақсы әсерлі болуда. Мұны қашықтықтан оқытуды қамтамасыз етудің жаңа формалары, әдістері, міндеттері мен құралдардың белсенді түрде енгізілуіне қарап қорытынды жасауға болады.

Білім беру өзінді жекелеген сипаттары бар оқытудың икемділеу және динамикалық үрдісінің келбетіне енеді. Бұл жаңа цифрлі технологиялардың енгізілуіне тікелей байланысты. Енгізілген жаңалықтарды толық дайын деу қиын, өйткені кейбір сәттер әлі тәжірибеленіп, жасақталу кезеңінде. Бірақ компьютерлік технологиялар спектрін енгізуге байланысты жаңа енгізілімдермен қатар, жолай біраз мәселелер де туындауда. Қашықтықтан оқыту педагогикасына біріктірілген интернет ресурстарда жинақталған орасан зор ақпарат ағыны, ізсіз кеткен жоқ.

Бірінші мәселе оқытушылар мен мұғалімдерді кәсіби даярлауда болып отыр. Оқытушының өзінің дайындығы, қашықтықтан оқытудың негізгі элементтерінің бірі. Компьютерлік технологияларды қашықтық педагогикасына біріктіру кезінде, оқытушылардың бұл жаңалықтарға дайын екендігіне көз жеткізіп алу қажет. Табысты қашықтықтан оқыту, оқытушылардың қабілетінің барлық технологиялар зерттеп және оны табысты қолдана білетіндігіне сенімділігі болудан басталады. Ақпараттық технологиялар саласында оқытушылар мен мұғалімдердікеңінен дайындау, қазіргі заман педагогикасы мен қашықтықтан оқытудың дамуына септігін тигізеді.

Екінші мәселе. Егер бірінші мәселеде оқытушылар мен мұғалімдер даярлығы жөнінде болса, екінші мәселе мәні оқушылардың дайындығында. Қашықтықтан оқыту үдерісінде оқушылар өздерінің жеке ерекшеліктері, оқыту жағдайы, компьютерлік технологиялар мен интернет ресурстарды қолдана білуге байланысты бірқатар кедергілерге тап болады. Қазіргі таңда әр оқушының жеке ерекшелігін ескеретін қашықтық бағдарламалары жоқ және осындай жекелеген бағдарламаларды жасау мүмкін емес. Сондықтан, барлық оқушыларды қашықтықтан оқытуға, жалпы алғанда қашықтық педагогикасына бейімдеуге бағытталған қашықтан білім беру ортасын жасау қажет.

Келесі мәселе, ақпараттық технологияларды білім беру ұйымдарына енгізу мүмкіндігінің көлемі де шектеулі болып отыр. Мұндай енгізу орасан зор ресурстар мен қаражатты қажет етеді. Жаңа оқу бағдарламаларының кең спектрі, әдістемелік ұсыныстар, нұсқаулықтар, ұсыныстар, оқулықтар, қашықтық сабақ оқу үлгілері. Өз білім беру қызметінің қашықтан оқытуды қосуға шешім қабылдаған білім беру мекемелері барлық қажетті құралдармен қамтылған болуы керек. Сапалы қашықтан жүргізу мүмкіндігі, сапалы дайындалған білім мекемелеріне байланысты.

Төртінші мәселе. Қашықтық педагогикасындағы ортақ білім стандартының болмауы. Бұл педагогтардың көпшілігі өзі шығармаған бөтен білім бағдарламасымен жұмыс жасағысы келмейтіндігіне байланысты. Басқа педагогтар өздері жасаған бағдарламаларды өзгелердің пайдаланғанын қаламайды [3, с. 58]. Сондай-ақ, әр білім беру мекемесі өз ойларынша басқалардан үздік, өз бағдарламаларын жасауға тырысады. Оқытудың негізгі сәттерінде болсын, ортақ стандарттың болмауы, білім беру үдерісінде тікелей көрініс табады. Менің ойымша, қашықтан оқыту педагогикасында ортақ білім стандарты, бұл саладағы көптеген сапасыз бағдарламалардан құтылуға мүмкіндік береді. Бұл факт оқыту үдерісіне оң әсер етеді.

Бесінші мәселе. Жайлы ортаның болмауы. Оқытудың қалыпты үдерісінде, мұғалім мен оқушының арасындағы қатынас өте шиеленісті болып келеді. Мұның түрлі авторлар қозғаған түрлі себептері бар [4, с. 65]. Оқытудың қалыпты үдерісі, оқушыға тіпті мұғалімге «қысым» жасайды, әдетте көптеген оқушылар қысымнан арылу үшін, оқу үдерісін түгел бос өткізіп жіберуге қуана келісер еді. Педагогтар оқуды қаламайтындарды оқытуға ынталы емес. Мәселе мәні, қашықтан оқыту осы мәселелерді шешуі тиіс. Қашықтан оқытудағы педагогтар тек ақпаратты береді, ал оқушылар оны өзін оқыту әдісімен пайдалы білімге түрлендіреді. Ал үлгерімді бақылау міндеті компьютерге беріледі. Осыған байланысты оқытуға жайлы жағдай қалыптасуы тиіс. Бірақ тәжірибе көрсеткендей ақпарат технологияларын енгізу адамдардың санасына еш әсер етпеді. Көп жағдайда білім беру үдерісінің екі тарапы да өз көзқарастарын сақтап қалуда. Осылайша, қашықтан оқыту сапасын көтеру үшін, қашықтан оқыту аймағындағы бірқатар өзекті мәселелердің бар екендігін қорытуға болады. Бұл мәселелерді шешудің негізгі бағыттарына педагогтар мен оқушыларға бейінді қашықтан оқыту сапасын көтеру үшін, қашықтан оқыту аймағындағы бірқатар өзекті мәселелердің бар екенін қорытуға болады. Бұл мәселелерді шешудің негізгі бағыттарына педагогтар мен оқушыларға бейінді қашықтан оқыту ортасын құру қажет. Бейімделу үдерісінде оқытушылар оқыту мүмкіндіктері негізін, ал оқушылар оқу мүмкіндіктерін игеруі тиіс. Келесі бағыт – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды интеграциялайтын білім беру мекемелерін дайындау.

Бірегей қашықтан оқыту стандартын, электронды кітаптар, әдістемелік ұсыныстар, оқу құралдарын және түрлі жиынтықтар мен бағдарламаларды жасау. Бұл мәселелерді шешуде қашықтық педогогикасы аймағына жаңалықтар мен инновацияларды енгізу айтарлықтай көмектеседі. Бұл үшін педагогикада ақпараттық технологиялар қолдану аймағында жаңа зерттеулер жүргізіп, педагогикаға жалпы және оқытушылар мен оқушыларға әсерін зерттеу қажет.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Бадарча Ден-диева М. Информационные и коммуникационные технологии в образовании: монография. – М.: ИИТО ЮНЕСКО, 2013, 320 с.
2. Закон Республики Казахстан «Об образовании» № 319-III от 27 июля 2007 года с изменениями на 08.01.2021 г.
3. Глазнева С.Е., Коняева Е.А. Положительные и отрицательные стороны дистанционного обучения // Актуальные проблемы образования: позиция молодых: материалы Всероссийск. студ. науч.-практ. конференции, 2016, С. 57-59.
4. Загузина Н. Н., Невзоров Б.П. Проблемы развития дистанционной педагогики // Вестник Кемеровского государственного университета, Кемерово, 2014, С. 64-66.